

**"Азаматтық қорғаныстың қорғану ғимараттарын бейбіт және соғыс уақытында пайдалану жөніндегі нұсқаулықты" бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі төрағасының 2000 жылғы 18 мамырдағы N 121 бұйрығы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 17 тамызда N 1223 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2014 жылғы 4 шілдедегі № 332 бұйрығымен

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 14.07.2014 № 332 бұйрығымен.**

"Нормативтік құқықтық актілері туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы N 213-1 Z980213\_ ҚРЗ Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 12 желтоқсандағы N 1278 P981278\_ қаулысымен бекітілген, "Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кіретін және кірмейтін орталық атқарушы және басқа да орталық мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу ережелеріне", Қазақстан

Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 24 қаңтардағы өзгерістер мен толықтырулар енгізілген N 122

P000122\_

қаулысына сәйкес, бұйырамын:

1. Қоса беріліп отырған "Азаматтық қорғаныстың қорғану ғимараттарын бейбіт және соғыс уақытында пайдалану жөніндегі нұсқаулық" бекітілсін.
2. Осы бұйрық мемлекеттің тіркеуден өткізілген күнінен бастап күшіне енгізілсін.

Төраға

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі  
Азаматтық қорғаныс пен әскери бөлімдер департаменті

ҚР ТЖ жөніндегі Агенттігінің

2000 жылғы 18 мамыр N 121  
бұйрығымен бекітілген

Азаматтық қорғаныстың қорғану ғимараттарын бейбіт  
және соғыс уақытында пайдалану жөніндегі  
Нұсқаулық

1. Жалпы нұсқаулар

1. Қорғану ғимараттары бейбіт уақытта экономика объектілері мен халыққа қызмет ету мүдделеріне пайдалануға тиіс және оларды паналаушыларды уақытында қабылдайтындай жұмыс жағдайына келтіре алатын күйде ұстау қажет .

Қорғану ғимараттарын бейбіт уақытта пайдалану кезінде бөлмелердің жарамдылығын белгіленген уақытта қорғану ғимараттары тәртібіне ауыстыруды және соғыс уақытында адамдардың қорғану ғимараттарында болуына қажетті жағдайларды қамтамасыз ететін барлық талаптар орындалуға тиіс.

2. Қорғану ғимараттарын бейбіт уақытта пайдалану кезінде мыналардың сақталуы, қамтамасыз етілуі тиіс:

1) тұтас алғанда ғимараттарды, сондай-ақ оның жекелеген элементтерін: кіретін және шығатын авариялық есіктері, қорғану-герметикалық және герметикалық есіктері мен терезе қақпақтары, жарылысқа қарсы қондырғылар;

2) бүкіл қорғану ғимараттарының герметизациясы мен гидрооқшады;

3) инженерлік-техникалық жабдықтар және оны кез келген уақытта соғыс кезіндегі режимде пайдалануға көшіру мүмкіндігі.

Қорғану ғимараттарында бөлмелерді қайта жобалауға, сақтандырушы конструкцияларды тесуге немесе ойық жасауға және жобада көрсетілмеген жабдықтарды бөлшектеуге тиым салынады.

3. Қорғану ғимараттарын бейбіт уақытта пайдаланушы кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер объектіні пайдалануға қабылдап алғаннан кейін жауапты адамдарды тағайындайды, бөлмелерді дұрыс жағдайда ұстауға жүйелі бақылау, қорғану қондырғыларының және қорғану құрылыстарының инженерлік-техникалық жабдықтарының сақталуын жүзеге асыру солардың м і н д е т і н е ж а т а д ы .

4. Пайдаланылатын ғимараттарда төмендегідей құжаттар болуға тиіс:

1) қорғану ғимаратын ұстау ережесі мен жабдықтары және мүліктердің

тізімдемесі;

2) үзіп тастайтын қондырғылары көрсетілген сыртқы және ішкі инженерлік тораптардың жоспарлары;

3) пананың (радиацияға қарсы бассауғалаудың) паспорты, қорғану ғимаратының жай-күйін тексеру журналы;

4) отыруға және жатуға арналған жабдықтар мен эвакуациялау жолдары көрсетілген қорғану ғимаратының жоспары;

5) сорғыш-желдеткіш және басқа да инженерлік жабдықтарды пайдалану жөніндегі нұсқаулық, аспаптарды қолдану ережелері;

6) сорғыш-желдеткіш жабдықтарды пайдалану журналы;

7) қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулық және дизельді электр стансасының (ДЭС) жұмысын есепке алу журналы;

8) сүзгіш-сорғыштарды, ФГ-70 сүзгіштерін, регенерация қондырғылары мен ауаны жұту қондырғыларын байқау және бақылау тексерулері нәтижелерінің журналы;

9) сорғыш-желдеткіш агрегатының формулярі;

10) қорғану ғимараттарын желдету тәртібі туралы нұсқау;

11) өрт қауіпсіздігі туралы нұсқаулық;

12) азаматтық қорғаныстың хабарлау сигналдарының тізімі;

13) телефондар тізімі.

5. Қорғану ғимараттарының жағдайы жыл сайынғы және арнаулы (кезектен тыс) байқаулар кезінде тексеріледі.

Жыл сайынғы және арнаулы байқаулар қорғану ғимараттарын бейбіт уақытта пайдаланушы кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер басшылары белгілеген тәртіпте жүргізіледі.

Арнаулы байқаулар өрттерден, жер сілкінулерінен, дауылдардан, нөсерлі жаңбырлардан кейін жүргізіледі.

Қорғану ғимараттарына байқау кезінде мыналарды тексеру керек:

1) ғимараттардың жалпы жағдай және кіретін жерлердің, авариялық шығатын есіктердің, ауа тартатын және шығаратын каналдар жағдайын;

2) жеке тұрған үйінділер мен жанама салынған ғимараттар төбесінің жабындысы жағдайын, шатырлар мен кен орындарының бүйір тұстары сыртының, тіреуіштер мен қорғау-герметикалық тұтқыш құрылғылар жағдайын;

3) есіктердің (қақпалардың, терезе қақпаларының) және бітеу

механизмдерінің ақаусыздығын;

4) қорғану қондырғыларының, желдеткіш, сумен жабдықтау, кәріз, электрмен жабдықтау, байланыс, автоматика және басқа да инженерлік жабдықтар жүйелерінің ақаусыздығын;

5) аумақтарды экономика мен халыққа қызмет ету мүдделеріне пайдаланылуын;

6) өрт сөндіретін құралдардың қолда барын және жағдайын;

7) топырақ суы мен жер бетіндегі сулардың өтуі мен іркілуінің болмауын;

8) бөлмелердегі температура мен ауаның салыстырмалы ылғалдылығы.

Жүйелі байқаулардың нәтижелері ғимараттардың жағдайын тексеретін журналға жазылады.

6. Қорғану ғимараттарын кешенді тексеруді үш жылда бір рет жүргізу қажет, бұл ретте мыналар тексеріледі:

1) белгіленген талаптарға сәйкес пананың герметикалығы;

2) инженерлік-техникалық жабдықтар мен қорғану қондырғыларының барлық жүйелерінің жұмыс істеу қабілетті;

3) жоспарға сәйкес қорғану ғимараттарын дайындыққа келтіру мүмкіндігі;

4) таза желдету мен сүзгіш-желдеткіш тәртібі бойынша жұмысты тексере отырып қорғаныс ғимараты режимінде 6 сағат бойы пайдалану.

7. Қорғаныс ғимараттарына кіретін жерлері бос болу керек.

Облыстың (қаланың) төтенше жағдайлар жөніндегі басқармасының (бөлімінің) рұқсатынсыз кіре берісте, авариялық шығатын жерлерде берістерге және сыртқы ауа шығару және ауа тарту қондырғылары учаскелері айналасында құрылыстар жүргізуге тиым салынады.

Қорғану-герметикалық және герметикалық есіктер бейбіт уақытта ғимаратты пайдалану кезінде тұғырларда ашық тұруға тиіс және жиналмалы жеңіл перделермен жабылуы керек.

Есіктің тесіктерін жабу үшін кәдімгі есіктер қойылады.

8. Қорғану ғимараттарының бөлмелері құрғақ болуға тиіс. Бұл бөлмелердегі температура қысқы және жазғы уақыттарда ғимараттарды бейбіт уақытта пайдалану жөніндегі талаптарға сәйкес болуы керек. Қорғану ғимараттарының бөлмелерін ұстау мен оларды жөндеу ғимараттар мен құрылыстарды алдынала жоспарлы жөндеуді өткізу туралы қолданыстағы ережелерге сәйкес, олардың бейбіт уақыттағы орнына қарай жүргізіледі.

Қорғану ғимараттары өртке қарсы тұрарлық тұрғыда жабдықталуға тиіс және оларға белгіленген техникалық жабдықтарға орай қолданыстағы нормативтер мен жобаларға сәйкес өрт сөндіретін жабдықтары болуға тиіс.

9. Қорғану ғимараттарын соғыс уақытында пайдалануды Азаматтық қорғаныс пен төтенше жағдайлардың қалалық, аудандық және объектілік инженерлік қызметтері ұйымдастырады.

10. Қорғану ғимараттарын оларға паналаушылар келген кезеңде жабдықтау және инженерлік-техникалық жабдықтарын пайдалану үшін қорғану құрылыстарының сиымдылығына қарай қорғану ғимараттарын жабдықтау жөнінде топтар мен буындар құрылады (1-қосымша).

11. Қорғану ғимараттарын жабдықтау жөніндегі топтардың (буындардың) жеке құрамын оқыту оқу жылына арналған ұйымдық нұсқауларға сәйкес жүргізіледі.

12. Қорғану ғимараттарын жабдықтау жөніндегі топтар (буындар) арнайы әзірленген жеке барлау, байланыс жабдықтарымен, медициналық мүліктермен және құралдармен қамтамасыз етіледі, бұл жарақтандыру нормасына сәйкес (2-қосымша) жүргізіледі.

2. Қорғану ғимараттарын паналаушыларды қабылдауға дайындыққа келтіру жөніндегі шаралары

13. Бейбіт уақытта пайдаланылатын бөлмелерді қорғану режиміне келтіруді объектінің Азаматтық ғимаратты бастығының өкімі бойынша белгіленген уақытта осы ғимаратты жабдықтау жөніндегі топ (буын) жүзеге асырады.

14. Бөлмелерді мүліктерден, материалдардан және жабдықтардан босату, жетіспейтін сәкілерді дайындау және бөлмелерді қорғану ғимараттарына орай жабдықтау жөніндегі кезек күттірмейтін басқа да жұмыстарды жүргізу үшін қорғану ғимараттарын жабдықтау жөніндегі топ (буын) командирінің қарамағына кәсіпорындардың, мекемелердің басшылары керек болған жағдайда арнаулы команда бөледі.

Бөлмелерді қорғану ғимараттары режиміне көшіру жөніндегі жұмыс басталар алдында топ (буын) командирі топ (буын) құрамына және осы жұмысқа қатысушы адамдарға нұсқау береді.

15. Қорғану ғимараттарының бөлмелеріне бейбіт уақытта тізбеге (3-қосымша) сәйкес сәкілер, жиһаз, аспаптар және басқа жабдықтар мен мүліктер қойылады, сондай-ақ жөндеу материалдары әкелінеді, бұл ретте қорғану ғимаратының сиымдылығын барынша сақтау керек.

16. Қорғану ғимараттарында бейбіт уақытқа арналған техникалық ойықтар, ауа ұстайтын және ауа тарту тесіктері мен қорғану ғимараттарын желдету үшін қолданылмайтын ауа шығарушылар, желдеткіштер жабылады және герметизацияланады; бөлмелердің жылыту жүйелері тоқтатылады.

Паналарда дизельді электр стансаларын (ДЭС) тоқтату және сынау үшін іске қосу жүргізіледі, авариялық жарық түсіру құралдарының, сүзгіш-желдеткіш

жабдықтарының, сумен жабдықтаудың, кәріздің, электрмен жабдықтаудың және тоқтататын қондырғылардың (ажыратқыштар, суағарлар, ысырмалар және т.б.), сондай-ақ қорғау-герметикалық және герметикалық есіктердің, қақпақтар мен жарылысқа қарсы қондырғылардың ақаулары тексеріледі. Тексеру кезінде анықталған ақаулар жойылады. Бөлмелерді бейбіт уақытта пайдалану үшін қосымша орнатылған есіктер (егер олар қорғану-герметикалық және герметикалық есіктерді жабуға кедергі болса немесе есік ойықтарының өткізу қабілетін азайтса) алынып тасталады.

Паналардың авариялық шығатын есіктері даярлыққа келтіріледі, тоннельдер мен қуыс-қуыстардан барлық өзге заттар шығарылып тасталады.

17. Радиациядан сақтану үшін бассауғалауға арналған бөлмелерді дайындау кезінде қорғану қасиеттеріне жобада көрсетілгенге қол жеткізілген жағдайда: ойықтарды (терезенің, есіктің және т.б.) таспен, басқа материалдармен бітеу, қосымша экрандар орнату, есік жақтауларымен қабысқан жерлерінде есіктерді т ы ғ ы з д а у ж ү р г і з і л е д і .

18. Қорғану ғимараттарында қолда бар (немесе қосымша орнатылатын) сиымдылықтар (резервуарлар) сумен толтырылады. Дизельді электр стансалары бар паналарда қажет болған жағдайда жанар-жағар май материалдарының запас б а к т а р ы т о л т ы р ы л а д ы .

19. Азық-түлік қоймасы жоқ паналарда сақталынатын азық-түліктің орналастырылуы мен сақталуын, орауды, жинақтауды және азықтық жиынтықты паналаушыларға беруді қамтамасыз ететін орындар жабдықталады.

20. Өнеркәсіп орындарының қорғану ғимараттарын паналаушы ұжымның есептік санымен алғанда шағын дәріханалармен жарақтандыру (4-қосымша) көзделінеді. Қорғану ғимараттарын жабдықтау жөніндегі буында (топта) фельдшер болса - қосымша фельдшерлік, дәрігер болса - дәрігерлік жиынтық ж и н а қ т а л а д ы .

Ұжымдық шағын дәріханалар мен жиынтықтар ағымдағы жабдықтау мүліктері мен дәріханалық тораптағы жетіспейтін заттарды сатып алу есебінен қорғану ғимараттарын дайындыққа келтіру кезегінде объектілерді жабдықтайтын медициналық мекемелер (медициналық пункттер, медсанбөлімдер, амбулаториялар немесе емханалар) жинақтайды.

Ұжымдық шағын аптекалар мен фельдшерлік және дәрігерлік жиынтықтар тізімдемелері үлгі түрінде болады, қандай бір препарат болмаған кезде, сол алуандас әрекет ететін препаратпен ауыстыруға рұқсат етіледі.

21. Қорғану ғимараттарының бөлмелері өртке қарсы сақтану тұрғысында одан әрі жабдықталады. Өртке қарсы құралдарды орнату орындарына белгі қойылады және жарық беріледі.

22. Ғимараттардағы көрнекі жерлерге Азаматтық қорғаныстың хабарлау

сигналдары, жеке қорғану құралдарын пайдалану ережелері, кіретін және шығатын жерлерді, дизельді және сүзгіш-желдеткіш бөлмелерін, санитарлық тораптарды, су тарату пункттерін, санитарлық күзеттер мен медициналық пункттерді көрсететін белгілер ілінеді.

23. Қорғану ғимараттарын дайындау жөніндегі жұмыстар аяқталғаннан кейін, оларда бөлмелерді жиыстыру мен желдету жүргізіледі.

24. Қорғану ғимараттарында құрылыстарды пайдалануға беру жөніндегі құжаттардың барына тексеру жүргізіледі (5, 6, 7, 8, 9 қосымшалар).

Сонымен бірге байланыс пен хабарлау құралдарын қосудың дұрыстығы тексеріледі, объектінің Азаматтық қорғаныс штабымен, төтенше жағдайлар жөніндегі аудандық, қалалық басқармалармен байланысы орнатылады.

25. Қорғану ғимараттарына паналаушыларды ұйымдасқан түрде және уақытында толық жайластыру мақсатында олардың ұйымдарға, пәтер иелендірулердің кооперативі, бекітілуі нақтыланады.

### 3. Қорғану ғимараттарын толтыру

26. Қорғану ғимараттарын толтыру азаматтық қорғаныстың "Әуе дабылы", "Радиация қаупі бар" және "Химиялық дабыл" сигналдары бойынша жүргізіледі. "Химиялық дабыл" сигналы бойынша радиацияға қарсы паналарда бассауғалаушылардың уландырушы заттардан қорғайтын жеке құралдары болуы к е р е к .

27. Радиацияға қарсы паналардың қорғану-герметикалық және герметикалық есіктерді жабу, объектінің Азаматтық қорғаныс бастығының командасы бойынша немесе оның командасын күтпей-ақ, ғимаратты белгіленген сиымдылыққа дейін толтырғаннан кейін ғимаратты жабдықтау жөніндегі топ (буын) командирінің шешімі бойынша жүргізіледі. Паналарда тамбур-шлюздер болса, ғимаратты толтыру шлюздеу тәсілі арқылы және оларды жапқаннан кейін ж а л ғ а с т ы р ы л у ы м ү м к і н .

Егер радиацияға қарсы паналарды толтыру кезінде бассауғалаушылардың бір бөлігі радиактиві ылғал түсуі басталғанға дейін ғимаратқа еніп үлгермесе, онда панаға кірер алдында киімдері мен аяқкиімдеріне ішінара дезактивациялау жүргізеді, ал кіре берісте үстіндегі киімдерін шешіп тастайды және оларды кірлеген киімдерді сақтайтын бөлмеде қалдырады.

28. Бассауғалаушылар қорғану ғимаратына жеке қорғану құралдарымен келеді. Әскерилендірілмеген ғимараттардың жеке құрамының да, сондай-ақ табель бойынша қажетті радиациялық және химиялық барлау, байланыс, медициналық құралдары және басқа оңтайлы мүлкі болуы керек.

Тұрған жері бойынша қорғану ғимараттарында паналайтын халық өзімен бірге қажетті азық-түлік қорын ала жүруі керек.

#### 4. Қорғану ғимараттарында паналайтындарды орналастыру және өздерін ұстау тәртібі

29. Қорғану ғимараттарында паналаушылар өндірістік немесе аймақтық (цех, учаске, бригада, үй) белгілері бойынша топ-тобымен сәкілерге орналастырылады. Топтардың орналасқан орындары таблицалармен (көрсеткіштермен) белгіленеді.

Әр топқа жетекші тағайындалады.

Балаларымен паналаушылар жеке бөліктерге немесе оларға арнайы бөлінген жерлерге орналастырылады.

30. Паналаушылар сәкілерге орналастырылады. Қорғану ғимаратын екі немесе үш ярусты сәкілермен жабдықтаған кезде жату орындарын кезек бойынша пайдаланады.

Қорғану ғимаратына адамдар артығымен орналастырылғанда паналаушылар, сондай-ақ кіре берістер мен тамбур-шлюзге орналастырылуы мүмкін.

31. Қорғану ғимараттарында ауа ортасының параметрлеріне бақылау жүзеге асырылуға тиіс: температурасы, ылғалдылығы, ауада қос тотықты көміртегінің ( $\text{CO}_2$ ), көміртегі тотықтарының ( $\text{CO}_2$ ) және көмір қышқылының ( $\text{O}_2$ ) болуы, сонымен бірге паналарда ауаның жиналуы бақылауға алынады.

Сырттағы ауа ортасы параметрлерін өлшеу орындары қорғану ғимараты бөлмелерінің жоспарлы шешімдерінің ерекшеліктерін ескере отырып тандап алынады. Аумағы 300 м бөлмеде өлшеулерді бес нүкте бойынша: ортадағы және ортадан барынша қашық орналасқан төрт нүктелерде жүргізу қажет. Метрополитендер тоннельдері мен кен орындарының қорғану ғимаратына бейімделген штректерінде өлшеулер әрбір 100 м сайын жүргізілуге тиіс.

Температура өлшеуді еденнен 0,8 - 1,0 м аралықта және қоршаған конструкциядан алғанда кем дегенде 1,5 - 2,0 м аралықта жүргізген жөн.

Өлшеулерді 3-қосымшада көрсетілген аспаптардың көмегімен жүргізу қажет.

Қажетті аспаптар болмаған жағдайда ауа ортасы параметрлерінің көлеміне қарай мекендеушілерді анықтау және болжамдау 1-4 кестелеріне сәйкес (10-қосымша) жүргізіледі. Кестедегі мәліметтер қорғану ғимараттарының биіктігі 2,2 м бөлмелері үйлесімді болмақ. Биіктігі одан да үлкен ғимараттар бөлмелерінде онда қалу мерзімінің ұзақтығы арта түседі.

32. Паналаушыларды медициналық жабдықтау санитарлық күзеттер мен медпункттердің күштерімен жүргізіледі. Оларға қорғану құрылыстарын жабдықтайтын топтың (буынның) медперсоналы қызмет көрсетеді.

Қорғану ғимараттарында мекендеу факторларының әралуан деңгейі кезінде паналаушылардың денсаулығы жағдайына баға беру үшін төмендегілерді басшылыққа алу қажет:

1) ауа температурасының 0 - ден 30 С дейін болуы, көміртегі қос тотығының

3% дейін, оттегінің 17% дейін, көміртегі тотықтарының 30 мг/м<sup>3</sup> дейін шоғырлануы орынды болып саналады және қосымша шаралар жүргізуді талап етпейді;

2) ауа температурасының 31-ден 33 С дейін болуы, көміртегі қос тотығының 40% дейін, оттегінің 16% дейін, көміртегі тотықтарының 50-70 мг/м<sup>3</sup> дейін шоғырлануы паналаушыларға физикалық салмақ түсіруді шектеу мен олардың жағдайына медбақылауды күшейтуді талап етеді.

Қорғану ғимараттарында адамның одан әрі болуына қауіпті ауа ортасының негізгі факторларының параметрлері:

- 1) ауа температурасы - 34 С және жоғары;
- 2) көміртегі қос тотығының шоғырлануы - 5% және одан жоғары;
- 3) ауадағы оттегі құрамы - 14% және одан төмен;
- 4) көміртегі тотығының құрамы - 100 мг/м<sup>3</sup> және жоғары.

Бір немесе бірнеше факторлар осындай деңгейге жеткен кезде қорғану ғимараттарында ауа ортасын жақсарту жөніндегі мүмкін болатын барлық шараларды қолдану немесе адамдарды қорғану құрылыстарынан шығару мәселесін шешу талап етіледі.

33. Қорғану ғимараттарында топ жетекшілерінің өкімі бойынша паналаушылардың күшімен бөлмелерде күніне екі рет жинастыру жүргізіледі.

Жабдықтарды қамтамасыз ету мен бөлмелерді жинау қорғану ғимараттарын жабдықтау жөніндегі топтың (буынның) жеке құрамымен жүргізіледі.

Санитарлық тораптарды кальций (ДТС-ГК) гипохлориті тұзының үштен екі негізгі ерітіндісімен өңдеуге айырықша көңіл бөлінеді. Сантораптарда болып шыққаннан кейін қолды хлораминнің 0,3% ерітіндісімен дезинфекциялау қажет. Санторабынан шыққаннан кейін аяқкиімді хлораминнің 0,5% ерітіндісі сіңірілген кенеп төсенішке сүрту арқылы дезинфекциялайды. Қоқыстар мен қалдықтар толтырылған қаптарға төмендегі химиялық консерванттардың бірін-бір килограмм қоқысқа алғандағы мөлшерде қосу керек: 6 г - параформан, 55 г - күкірт қышқылды мыс, 28 г - бромды мыс, 13 г - паронитрофенол.

34. Паналаушыларға қорғаныс ғимаратынан тыс жағдай мен түсіп жатқан сигналдар және командалар туралы хабарлауды қорғаныс құрылыстарын қамтамасыз ету жөніндегі топтың (буынның) командирі немесе радио жүйесі бойынша тікелей қаланың (ауданның) төтенше жағдайлар жөніндегі басқармасы жүзеге асырады.

Қорғану ғимараттарындағы байланыс құралдарын паналаушылардың пайдалануына рұқсат берілмейді.

35. Қорғану ғимараттарындағы паналаушылар мыналарды орындауға міндетті:

- 1) тездетіп, әбігерленбей бөлмелерден бөлінген орындарға орналасу;

2) ішкі тәртіп ережесін, қорғану ғимараттарын жабдықтау жөніндегі топтың (буынның) жеке құрамының өкімдерін орындау;

3) сабырлылық сақтау, дүрбелең оқиғаларына және қоғамдық тәртіпті бұзуға жол бермеу, электр жарығын өшірген жағдайда өз орындарында қалу;

4) қарт адамдарға, әйелдерге, балаларға, мүгедектер мен ауруларға көмек көрсету ;

5) бөлмелерді тазалықта және тәртіпте ұстау;

6) жеке қорғану ғимараттарын дайындықта ұстау;

7) топ (буын) командирінің бұйрығы бойынша қолмен реттелетін электр желдеткіштің көмегімен ауа беру жөніндегі жұмысты орындау;

8) авариялардың зардаптарын жою және инженерлік-техникалық жабдықтардың ақауларын жөндеу кезінде қорғану ғимараттарын жабдықтау жөніндегі топқа (буынға) көмек көрсету;

9) техникалық қауіпсіздік ережесін сақтау (сүзгіш-желдеткіш бөлмесі мен дизельді электр стансаларын бөлмесіне кірмеу, электрайырғыш пен электр жабдықтарына, ауа және оттегі толтырылған баллондарға, регенаторлы патрондарға, гермоқақпаларға, шамадан тыс қысымды қақпаларға, шиберлерге (сұқпа жапқыш), су құбыры мен кәріздерге, ілмекті арматураға, есік ысырмаларына және басқа жабдықтарға қол тигізбеу).

36. Қорғану ғимараттарында паналаушыларға төмендегілерді жасауға тиым салынады :

1) темекі шегуге және спиртті ішімдік ішуге;

2) үй хайуанаттарын (иттерді, мысықтарды және т.б.) әкелуге;

3) оңай тұтанатын, жарылғыш және өзіндік күшті немесе өткір иісті заттарды, сондай-ақ қолапайсыз заттарды әкелуге;

4) ғимаратта шулауға, дауыстап сөйлеуге, орынсыз ерсілі-қарсылы жүруге, есіктерді ашуға және ғимараттан шығуға;

5) радиоқабылдағыштарды, магнитофондарды және басқа да радиоқұралдарын қосуға ;

6) жалтылдаған жарық көздерін қолдануға (жермай лампаларын, шырағдандарды, карбидті фонарьларды және т.б.). Аталған жарық көздері қорғаныс ғимараттарында жабдықтаушы топ (буын) командирінің рұқсатымен өте қажет болған жағдайда ғана - авариялық жұмыстар жүргізу, зардап шеккендерге көмек көрсету т.с.с.) кезінде қолданылады.

## 5. Қорғану ғимараттарының инженерлік-техникалық жабдықтарын пайдалану

37. Қорғану ғимараттарының инженерлік-техникалық жабдықтарын пайдалану әрбір нақтылы құрылыстар үшін жасалған және объектінің азаматтық

қорғаныс бастығы бекіткен техникалық сипаттамалардың, пайдалану жөніндегі нұсқаулар мен пайдалану схемаларының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Техникалық сипаттамалар мен пайдалану жөніндегі нұсқаулар тиісті агрегаттарға (қондырғыларға) қосымша беріледі.

38. Паналарды ауамен жабдықтау таза желдету (I-режим) және өткізгіш-желдету режимі бойынша (II-режим) көмегімен сүзгіш-желдету жүйесінің жүзеге асырылады. Азаматтық қорғаныстың қорғану ғимараттарын жобалау жөніндегі нормаларымен белгіленген жекелеген жағдайларда қосымша регенерациялау және панаға залалданған сыртқы ауаның өтуіне кедергі жасайтын қалқандар қою көзделінеді.

Радиацияға қарсы бассауғаларды ауамен жабдықтау механикалық қозғағышы бар табиғи желдеткіш есебінен жүзеге асырылады.

39. Зақымдандыру құралдары ықпал еткенге дейін және радиоактивті тозаңның түсуі кезеңінде паналар I-режим бойынша ауамен жабдықталады. Осыда мыналар жасалынады:

- 1) таза желдету жүйесінің желдеткіш агрегаттары іске қосылады;
- 2) таза желдету жүйелеріндегі ауа тартқыштарға қойылған герметикалық қақпақтар мен басқа да герметизациялайтын қондырғылар ашылады;
- 3) ауаны көміртегі тотықтарынан тазартатын сүзгіш-сорғыштар мен сүзгіштерге дейін және одан кейін орнатылған герметикалық қақпақтар, сондай-ақ таза желдеткіштің ауа тартқышы мен сүзгіш-желдеткіш аралығындағы жалғастырушы гермоқақпақ жабылады;

4) ауаны регенерациялау қондырғылары (желдеткіштер үш режимде істейтін паналарда) тоқтатылады.

40. Қарсы жақ (дұшпан) осы заманғы зақымдандыру құралдарын қолданғаннан кейін қорғану ғимараттарының желдеткіш жүйелері тоқтатылады, сыртқы ортамен байланыста тұрған барлық ауа тартқыштар мен тесіктер қайта жабылады. Бұл ретте паналарда қалқандар жасауға арналған III-режимнің арнаулы жүйелері қосылмайды.

Содан соң паналар сыртындағы жағдай анықталады және олар қалыптасқан жағдайда қажет болатын желдету режиміне көшіріледі.

41. Химиялық және биологиялық қарудың ықпалы болған кезде паналар II-режимге көшіріледі, бұл ретте:

- 1) таза желдеткіш жүйелерінің ауа өткізгіштері мен жалғастырушы ауа өткізгіштердің қақпақтары жабылады;
- 2) сорғыш желдеткіштерді (егер олардың жұмысы II-режимде ескерілмесе немесе ғимарат герметикалық мәнін жоғалтса) үзіп тастайды;
- 3) II-режимнің қиыстырылған желдеткіштерін қосады;
- 4) сүзгіш-сорғыштарға дейін және кейін қойылған герметикалық қақпақтарды

а ш а д ы .

42. Бір адамның қолмен реттейтін электр желдеткішімен жұмыс істеу уақыты қорғаныс ғимараттарындағы қоршаған ауа ортасының жағдайына байланысты. Ауада көміртегінің 4% және одан төмен қос тотығы, оттегінің 16% және одан жоғарысы болғанда, температура 30 С жеткенде қолмен реттейтін электр желдеткішінде бір адамның мүмкіндігінше жұмыс істеу уақыты 25 минуттен аспауға тиіс. Ауадағы температура 30 С-дан асқанда уақыт 10 минутпен шектеледі. Желдеткіште бір мезгілде істейтін адамдар санын көбейткен кезде рұқсат етілетін жұмыс уақыты пропорционалды артуы мүмкін.

43. Жаппай өрттер пайда болғанда немесе паналар ауданында күшті әсер ететін улы заттардың (КӘЕУЗ) қауіпті шоғырлануы байқалған кезде паналар ІІІ-режимге ауыстырылады.

Өрттер аймақтарында паналардағы қалқандар ФГ-30 сүзгіші арқылы берілетін сыртқы ауа есебінен, ал КӘЕУЗ мен газданған аймақтарда баллондардағы сығылған ауа есебінен сақталынады.

Бұл ретте паналарда қиыстырылған жүйелердегі барлық герметикалық қақпақтар (ФГ-70 сүзгіші арқылы ауа беруді қамтамасыз ететін қақпақтардан басқасы) қайта жабылады және көмірқышқылды газды (СО<sub>2</sub>) жұтуға және оттегіні (О<sub>2</sub>) бөлуге арналған ауаны регенерациялау қондырғылары қосылады. І-режим желдеткіштері бөлмелердегі ауаның айналымын қамтамасыз етеді.

44. РП-100 регенеративті патрондар қойылған үш режимді желдеткіші бар паналарда және оттегі тапшылығының орнын толтыру үшін баллондардың оттегісі пайдаланылады, оны мөлшерлеу күшті ДКП-1-65 редуктордың көмегімен жүзеге асырылады, сиымдылығы 150 адамға дейінгі ғимаратта оның диаметрі 1,1 мм-ге тең (дюза 1), ал одан көп сиымдылықта - 2,2 мм-ге/тең (дюза 2)  
етіліп қабылданады.

## 6. РУ-150/6 регенеративті қондырғыларын пайдалану ерекшеліктері

45. РУ-150/6 қондырғылары қойылған бөлмеге бөгде адамдардың кіруіне рұқсат етілмейді. Бөлмені қондырғыларды пайдалануға жауапты адамдар жауып қоюға және мөр соғуға тиіс.

46. РУ-150/6 қондырғылар қойылған бөлмеде өрт шықпауы және жарылыстың алдыналу үшін мыналарға жол берілмейді:

- 1) бөлмені су басуға;
- 2) бөлмеде сілтілер, қышқылдар, майлар мен оңай тұтанатын заттар сақтауға;
- 3) қондырғылардың патрондары мен ауа өткізгіштеріне органикалық заттар мен ылғалдың түсуіне.

47. Қондырғылар қойылған бөлме өрт сөндіруші заттармен: құм салынған

жәшікпен, асбесті материалдан жасалған жапқыштармен, ОУ-5 өрт сөндіргіштермен қамтамасыз етіледі.

48. РУ-150/6 қондырғыларында жұмыс істеуді таза және брезентті құрғақ қолғап киіп жүргізу керек.

49. РП-2 регенеративті патрондарды ауыстыру кезінде және регламентті жұмыстарды жүргізгенде қондырғыларда қондырғымен бірге жиынтығында берілетін саймандар пайдаланылады. Саймандар алдынала майланудан тазартылып, кептірілуге тиіс.

50. Пайдаланылып демонтаждалған РП-2 патрондарға бұқтырма қоюға олар суытылғаннан кейін ғана рұқсат беріледі.

Пайдаланылған РП-2 патрондары РУ-150/6 қондырғысының техникалық сипаттамасында айтылған нұсқаулар талаптарына сәйкес жойылады.

51. РУ-150/6 қондырғысында қызмет істейтін персонал тиісті оқудан өтеді және белгіленген тәртіпте пайдалануға жіберіледі.

#### 7. Инженерлік-техникалық ақылар мен бұзылуларды жою тәртібі

52. Қорғану ғимараттарына сыртқы қалалық тораптан электр энергиясын беруді тоқтатқан кезде:

- 1) ғимаратта авариялық жарық берулер қосылады;
- 2) электр энергиясын беруді тоқтату себебі анықталады және ақаулар жөнделеді;
- 3) анықталған ақауларды жою мүмкін болмаған жағдайда қолда бар дизельді электр стансалары іске қосылады.

53. Қорғану ғимараттарына сыртқы ауаны жіберуді тоқтатқан кезде:

1) ғимараттан электр қуатын беруді тоқтатқан жағдайда, қолмен басқарылатын желдеткіштердің электр қозғалтқыштары немесе олардың магнитті таратқыштары істен шыққанда ғимаратқа ауа беру қолдан желдеткіштердің көмегімен қамтамасыз етіледі;

2) қарсы жақ жаппай зақымдандыру құралдарын қолданған кезде және осы ретте желдеткіш жүйелері істен шыққан кезде радиациялық және химиялық барлау ұйымдастырылады. Егер сырттағы ауа құрамында уландырғыш заттар анықталмаса (бактериялық заттардың бары туралы мәлімет болмаса) ғимаратта ауаны алмастыру уақытша табиғи желдеткіш есебінен жүзеге асырылады, ол үшін авариялық (люк) шығу есігі және кіретін есіктер ашылады.

Табиғи желдету кезінде ауа беру шахтаның еденіне пананың авариялық шығу

жолын немесе РҚП-ның сорып шығаратын каналына жанғыш дизель отыны (индустриялық май) бар сиымдылықтарды (консерві қалбырларын) орнатқанда  
1 , 5 - 2 е с е а р т а д ы .

Ауада уландырғыш заттардың бары анықталғанда бассауғалаушылар  
г а з т ұ т қ ы ш т а р к и ю і к е р е к .

54. Қорғану ғимаратына қорғалмаған көздерден су беруді тоқтатқан кезде:

- 1) қол жуғыштар мен жуып тазалайтын бактарға су беру тоқтатылады;
- 2) ас суының авариялық қорының шығындалуына қатаң бақылау қойылады.

55. Су құбырлары мен кәріздік коммуникациялар бұзылған кезде:

1) су құбырларының бұзылған жерінен су ағуын тоқтату үшін су ағарлар, ысырмалар және басқа қысым қондырғылары жабылады және бүлінген жерлерін жөндеу шаралары қолданылады;

2) кәрізде (фекальді) су пайда болғанда тораптың ішкі кәрізіндегі тоқтатушы ысырма жабылады .

56. Қорғану ғимаратына кіретін жерлерде үйінділер пайда болғанда:

- 1) авариялық шығатын жер пайдаланылады;
- 2) Қорғану-герметикалық есіктерді топсалардан алу және тамбурлар алдын үйінділерден босату шаралары қолданылады;

3) авариялық шығатын жерлер бұзылған кезде паналаушылардың қорғану ғимаратынан шығуының басқа жолдары қарастырылады (желдеткіш қуыстары пайдаланылады, қоршаушы конструкцияларға ойықтар жасалады және т.б.)

57. Қорғану ғимаратының қоршаушы конструкцияларының герметикалығын қалпына келтіру үшін:

1) пананың герметикалық бұзылған жері анықталады (тесіктер мен желдеткіш жұмыс істеп тұрған кездегі және есіктер жабық тұрғандағы тығыздық жанып тұрған шырақтың немесе шырпы жалынының ауытқуы бойынша анықталады);

2) жекелеген жарықшалар желімделетін жабыны бар хлорвинилді пленкамен жапсырылады немесе езілген балшықпен сылап бітеледі (ұсақ жарықшақтар пайда болғанда тұтас желімдеу немесе сылау жүргізіледі);

3) елеулі жарықшақтар болған жағдайда олар жіктеп тігістеледі және цемент лайы сылағымен шыланған талшықпен бітеледі;

4) бұзылулардың одан әрі жүруінің алдыналу және басты арқауларды қалпына келтіру үшін жекелеген элементтер арнаулы көлденең тіреуіштердің көмегімен және т.с.с. күшейтіледі.

58. Қорғану ғимараты есіктерінің, люктердің және кіре берістерінің герметикалығын қалпына келтіру үшін:

1) бұзылуға ұшыраған учаскелер түзетіледі және көтергіштердің, сыналардың , ауыр балғаның және басқа да күнделікті құралдардың көмегімен төсеніштердің қиғаштығы жойылады ;

2) есіктердің төсеміндегі жарықтар мен тесіктер бітеледі;

3) герметикаландырылған төсемдердің ақаулары жойылады.

59. Қорғану ғимаратында өрт шыққанда:

1) өрт сөндіретін құралдардың көмегімен өрт сөндіріледі немесе бөлме шеңберінде немесе өрт бөлігінде өртке қарсы және герметикалық есіктер мен люктерді, сондай-ақ желдеткіш каналдарындағы ысырмадарды (тұтқыштарды, жапқыштарды) жабу жолымен оқшауландырылады;

2) өрт ошағына жақын тұрған оттегілі және сығылған ауалы баллондар, ауаны регенерациялау құралдары, регенеративті патрондар мен жанғыш сұйықтар қауіпсіз орынға шығарылады;

3) оттегі, көмір қышқыл газы мен көміртегі тотықтары құрамын анықтау үшін ауаның газдану құрамына үзбей бақылау жүргізіледі;

4) жанып жатқан электротехникалық құралдарды сөндіру үшін олардан кернеу алынып тасталады.

60. Қорғану ғимараттарының су құбырлары мен ауа тартқыштарын жөндеу кезінде:

1) жарықтар, қуыстар, жарылулар, ойықтар, жекелеген учаскелердің бұзылулары табақ резеңкеден жасалған уақытша бандаждар қапсырмасымен, арқан, бау орауымен, бітеуіштер орнатумен, ағаш тығындармен сыналап қағумен жабылады. Су құбырының зақымданған учаскесін жөндеудің мүмкіндігі болмаған жағдайда жақын маңдағы фланец құрауы бойынша ағытылады, ал су құбырының бұзылмаған учаскесінің фланеціне жапқыштар қойылады немесе мүмкін болатын жеріне резеңке шлангтан жасалған созылмалы қоспа қойылады;

2) ауатартқыштың бүлінген жерлері табақ резеңкеден немесе полихлорвинилді пленкадан жасалған ленталы немесе сымды бандаждардың көмегімен жапсырмалармен бекітіледі.

61. Қорғану ғимараттарының электротехникалық құралдарын жөндеу кезінде:

1) кернеуден алынады;

2) қуатты немесе жарық түсіруші кабелдердің қимасы 6 мм<sup>2</sup>-ден аспайтын зақымданған учаскесі кабельді қоспалардың, бесаспап кабельді қысқыштардың немесе болтты құраулардың көмегімен одан әрі оқшаулау лентасымен ұқыпты түрде жаба отырып, қалпына келтіріледі.

3) қимасы 6 мм<sup>2</sup>-дейін болатын кабельдерде бүлінген учаскелер кесіп тасталады, қоспалардың ұштары өңделеді және тазартылады. Қоспалар бүлінген кабельдің ұштарына бұрандалармен немесе сірестірмелермен жалғастырылады, жалғанған жері оқшауланады.

Қоспалардың көмегімен жөнделген кабель әлсін-әлсін бақылауда болады, оның қызуы тексеріледі және жалғанған жеріне су тигізуге жол берілмейді.

8. Паналаушыларды бөлу тәртібі мен панадан  
біртіндеп шығарды қамтамасыз ету

62. Паналаушыларды тамбур-шлюздері бар паналарда шлюздеу қорғану ғимараттарын жабдықтау жөніндегі топ (буын) командирінің өкімі бойынша қорғану-герметикалық және герметикалық есіктерді, қақпаларды жапқаннан кейін жүргізіледі.

63. Шлюздеудің мәні мынада, паналаушыларды паналауға жіберу тамбур-шлюздердің сыртқы және ішкі қорғану - герметикалық есіктері кезектесе ашылғанда және жабылған жағдайда жүргізіледі.

64. Тамбур-шлюздердің есіктерін ашу мен жабуды қорғану ғимараттарын жабдықтау жөніндегі топтың (буынның) бақылаушылар тобы жүргізеді. Сыртқы және ішкі есіктердің бақылаушылары арасында сигнализация қойылады.

65. Шлюздеу кезінде тамбур-шлюздің ішкі есігі жабылады, сыртқы есігі ашылып, тамбур-шлюзді паналаушылармен толтыру жүргізіледі. Осыдан кейін сыртқы есікте тұрған бақылаушы есікті жабады да ішкі есікті ашуға сигнал береді, ішкі есікте тұрған бақылаушы есікті ашып, паналаушыларды тамбур-шлюзден панаға жібереді, есікті жабады да сыртқы есікті ашуға сигнал береді.

66. Қос камералы шлюздің жұмысы паналаушыларды бірінші камерадан панаға жіберген уақытта екінші камера толатындай етіліп ұйымдастырылады.

67. Барлау жүргізу үшін панаға кіру мен шығу желдетілетін тамбурдағы кіретін жер арқылы жүзеге асырылады. Панадан шығушылар газтұтқыш, қорғану киімін киюге және жеке дозиметрі болуға тиіс.

68. Барлаушылардың зақымданған жерде әрекет ету мерзімі өлшеулер, үлгілер алуды, өрт жағдайында баға беруді жүргізу үшін мейлінше аз уақыт алуы керек.

Барлаушылардың уланған жердегі іс-әрекетінің нақтылы уақыты бір рет сәулеалу мөлшерімен анықталады.

69. Барлаушылар зақымданған жерден панаға (радиацияға қарсы бассауғаға) оралған кезде сілку, сүрту жолымен немесе химиялық зақымдануға қарсы жекедара пакеттің көмегімен құрғақтай газдан тазарту арқылы желдетілетін тамбурларда сырт киімді, аяқкиімді және газтұтқышты ішінара дезактивациялау жүргізіледі. Сыртқы қорғану киімдері тамбурда қалады.

9. Паналаушыларды қорғану құрылысынан шығару

70. Қорғану ғимаратынан паналаушыларды шығару мына жағдайларда жүргізілуі мүмкін:

1) "Әуе дабылы тоқтатылды" сигналы бойынша (ғимарат ауданында

радиациялық жағдай анықталғаннан соң);

2) паналаушылардың ғимаратта болуының белгіленген мерзімі өтісімен, сондай-ақ қорғану ғимаратын жабдықтау жөніндегі топ (буын) командирі белгілеген кезектілік тәртібімен ғимаратты тастап кетуге мәжбүр болғанда.

71. Паналаушыларды қорғану ғимараттарынан мынадай жағдайда шығаруға мәжбүр болады:

1) паналаушылардың ғимаратта одан әрі тұруына онда қолайсыз бұзылулар болғанда;

2) ғимаратты су басқанда;

3) ғимаратта өрт шыққанда және онда зиянды газдардың қауіп төндіре шоғырлануы кезінде;

4) осы Нұсқаудың 27 тармағында көрсетілген микроклимат пен ауадағы газ құрамы бастан өткерудің шектеулі параметріне жеткенде.

Желдетілгеннен кейін ғимарат паналау үшін қайтадан пайдаланылуы мүмкін.

